БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 175 (9237) | 1953 жылғы 1 сентябрь Сейсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Жаңа оқу жылы басталды! Бүгін біз бақытты жас ұрпақтарымызды жаңа оқу жылымен құттықтап, олардың оқуды үздік оқуына, сөйтіп, быйылғы оқу жылын табысты аяқтап шығуына тілек білдіреміз.

Жаңа оқу жылы

Бүгін —біздің еліміз үшін үлкен мерекелі. Бүгін барлық жерлерде —астанадағы, республика, облыс, аудан орталықтарындағы, сондай-ақ колхозды ауыл- селолардағы мектептерде жаңа оқу жылы басталды.

Біздің еліміздің жастары —дүние жүзіндегі ең бақытты жастар. Олардың оқып білім алуы үшін мүмкіншіліктің бәрі бар. Ең жақсы, жылы мектептер, әдемілеп сырланған, кең, жарық кластар, неше түрлі оқулықтар мен көрнекі құралдар, физика кабинеттері мен спорт залдары— барлығы оқушылардың пайдалануына берілген. Сан- мыңдаған совет педагогтары біздің балаларымыз— жас ұрпақтарға терең білім, коммунистік тәрбие беру жолында аянбай еңбек етіп жүр. Мұның өзі Коммунистік партия мен Совет үкіметінің халық ағарту ісіне, жастарға білім, тәрбие беру, баулып өсіру ісіне күнбе- күн көрсетіп отырған қамқорлығының нәтижесі. Зор қамқорлыққа бөленген совет мектептері өздерінің алдында тұрған міндетті жақсымен орындап келеді.

Бүкіл еліміздегі сияқты облысымыздың оқушылары быйыл жазғы демалысты өте-мөте кеңінді өткізді. Демалыс кезінде төрт-бес мыңға жуық пионерлер мен оқушылар пионер лагерьлерінде демалды, аудан мектептерінің жүздеген оқушылары сауықтандыру алаңдарында тынығып қайтты.

Оқушы жастар экскурсияға барғанда, саяхатта, жорықтарда болған кезде көрген қызықтары мен алған әсерлерін ұзақ уақыт өсте сақтайтындай болады. Быйыл жазғы күндері ұйымдастырылған экскурсияларға 3 мың адам қатысты. Аудан орталықтары мен ауыл- селолық мектептердің 600 оқушысы облыс орталығында болып, мұнда олар өнеркәсін орындарының жұмысымен танысты, парктерде, мұзейде болды. Ал, қала оқушыларынан бір топ оқушылар Свердловскідегі Ильинский заповедниг інде болды. Булаев ауданынан Тамара Коробкова және Полудень ауданынан Анатолий Дордин екеуі Бүкілодақтық Артек санаториясында демалды. Сол сияқты, басқа да көптеген оқушыларымыз ұйымдасқан түрде киноларға, театрға, сапалы аяқтады. Көптеген мектеп үйлері күрделі жөндеуден өткізілді, жабайы жөнделіп ағартылды. Мектептердің көпшілігі қысқа керекті отынмен толық қамтамасыз етілді. Оқушы жастар быйыл оқулықтармен өткен жылдарға қарағанда әлде қайда жақсы қамтамасыз етіліп отыр. Облысымыздың оқытушылар коллективтері де арнаулы жоғарғы оқу орындарын бітірген жас педагогтермен толықтырылды.

Алайда, бұл айтылғандардан облысымызда оқу жылы барлық жерде бірдей осындай қанағаттанарлық әзірлікпен басталып отыр деген ұғым тумайды. Бірқатар мектеп басшылары өз коллективтерінің жас ұрпақтарға білім беру жолында жемісті еңбек етуіне қолайлы жағдай туғыза алмады. Кейбір жерлерде күрделі жөндеуден өтуге тиіс мектеп үйлері жөнделмей қалды. Кейбір мектептердің басшылары оқу жылына әзірленуге әлі уақыт жетеді деген пікірдің шырмауында жүріп, жазғы қолайлы мерзімді босқа өткізіп алды. Мұндай бейғамдықтың аяғы оқу басталғанға дейін жаңа оқу жылына әзірліктің аяқталмай қалуына әкеліп соқты.

Жаңа оқу жылы басталды. Жаңа оқу жылында балаларды оқыту, тәрбиелеу жұмыстарының жоғары дәрежеде жүргізілуін қамтамасыз ету үшін оқу жылына әзірлік кезінде жол берілген кемшіліктерді іс үстінде дереу жойып, партия, совет, комсомол ұйымдарының көмегімен, жұртшылық қамқорлығымен мектеп үйлерін жөндеу, ағарту, отын дайындау жұмыстарын дереу аяқтау қажет. Сол сияқты, мектептер жанындағы интернаттарды отынмен, жарықпен, азық- түлікпен жеткілікті жабдықтау мәселесіне жете көңіл бөлінуге тиіс.

1 сентябрь— мектептердің жұмысының алғашқы күні. Совет мектептері жас ұрпақтарды Коммунистік партияға шексіз берілген, советтік патриотизм рухында тәрбиелеуге, оқушыларға ғылым негіздерінің берік және тұрақты білімдерімен қаруландыруға міндетті. Бұл міндетті ойдағыдай орындау үшін мұғалімдер аянбай еңбек етуі керек. Өйткені, мектептегі негізгі тұлға —мұғалім. Сондықтан мұға-

Егін жыйнау мен астық тапсыру графигі мүлтіксіз орындалатын болсын

☆ ☆ ☆

Быйылғы жылы Баян МТС-нің комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері Алиакбар Асадулаев «Баян» колхозының егін даласында еңбек етіп жүр. Ол «Сталинец—6» комбайнымен күн сайын 25—30 гектар жердің егінін орып, әрбір гектардан 15 центнерге дейін өнім алуда.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) **Асадулаев** өзінің ұлы штурвальші **Жаңгірмен** бірге егін орып жүр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Булаев ауданында егін жыйнау мен астық дайындаудың қарқыны баяу

Булаев ауданының колхоздары мен МТС- терінде егінді қысқа мерзімде ысырапсыз жыйнауға, мемлекетке астық тапсыруды үлгілі ұйымдастыруға күш- мүмкіншілік жеткілікті. Егер қолда бар осы мүмкіншіліктер толық пайдаланылса, онда ауданда егін жыйнау мен астық дайындаудың бескүндік графиктері үнемі артығымен орындалып отырған болар еді.

Бірақ не пайда, ауданның колхоздарында егін жыйнау және астық дайындау жұмыстары алғашқы күннен бастап, тыңғылықты ұйымдастырылмады. Осының салдарынан ауданда егін жыйнаудың бескүндік тапсырмалары үнемі орындалмай келеді. Мұның негізгі себебі неде?

Еңалдымен комбайндардың жұмыс өнімділігі төмен. Мұның өзі МТС басшыларының егін жыйнауға техника күшін дұрыс пайдалануға жетісе алмай келе жатқандығын көрсетеді. Әсресе, Калинин атындағы МТС-те комбайндардың егін жыйнауға қатыстырылуы нашар. Мысалы, «Победа» колхозында 5 комбайн бар. Алайда, МТС басшыларының және осы колхоздағы трактор бригадасының бригадирі Нарымбаев жолдастың іске немкетті қарауларынан үш комбайнмен осы күнге дейін бірде-бір гектар егін жыйналмады. Бұл комбайндарды сүйреуге бөлінген екі «ХТЗ» және бір «СТЗ—НАТИ» тракторларының сынып тұрғанына жыйырма күндей болды. Амал бар ма, МТС ол тракторларды жөндеп, жұмысқа қосуды әлі күнге қамтамасыз еткен жоқ. Ал, жұмысқа қосылған «Сталинец—6» комбайнының жұмыс өнімділігі де мүлде нашар. Осының салдарынан 15 күнде екі комбайнмен небары 149 гектар ғана егін жыйналды.

Осы МТС-тің қамтуындағы «Красное знамя» колхозында да егін жыйнаудың қарқыны мүлдем баяу. Мұнда комбайндар жұмысқа өнімді пайдаланылмайды. Комбайншы Чуркаев жолдас егін жыйнау маусымы басталғалы «Сталинец—6» комбайнымен небары 15 гектар ғана егін орған. Өйткені, бұл комбайн [illegible] жөнделген. Ол [illegible] комбайншының тығынан зернопульт та жұмысқа қосылмай тұр. Колхоз басқармасы астық тазалауға әдам күшін бөлген. Бірақ, олар астықты қолмен тазалап үлгере алмай жүр. Соңғы бескүндікте колхоз мемлекетке небары 36 центнер ғана астық тапсырды.

Астық тапсырудың қарқыны «Красное знамя» колхозында бұдан да нашар. Мұнда қырмандарда 5 мың центнердей астық жатса да, колхоз соңғы бескүндікте астық тапсырудың графигін 7-ақ процент орындады. Колхоз председателі Бабей, партия ұйымының секретары Филиппас жолдастар астық дайындаудың осындай төзгісіз жағдайына тіпті қынжылмайды да.

Астық тазалауда колхоздарға МТС-тер нақты көмек көрсетуге тиіс еді. Бірақ, ауданның МТС-тері бұл жөнінде колхоздарға әлі күнге дейін тиісті көмек көрсете алмай отыр. Булаев МТС-і Сталин атындағы колхозға астық тазалауға бөйімделген күрделі молотилка беруге тиіс болса, ол әлі күнге дейін жұмысқа қосылмаған. Міне, сондықтан да кәзір бұл колхоздың қырмандарында жүздеген центнер астық тазартылмай жатыр. Ленин атындағы колхозда астық тазалауды ұйымдастыру жөнінде Булаев МТС-нің директоры Лепехин жолдас біз бұл колхоздың астық қырмандарын түгел механикаландырамыз деп мәлімдеген еді. Бірақ, ол сөз жүзінде қалды. Колхоздың қырманында 3500 центнер астық тазартылмай жатыр.

Егер МТС, колхоз және аудан басшылары бастырылған астықты тазалау, оны дайындау пунктіне тасуды тыңғылықты ұйымдастырып, бұл іске күнбе- күн жеткілікті көңіл бөлсе, онда ауданда астық дайындаудың бескүндік графиті толық орындалар еді. Бірақ, жағдай бұған мүлде керісінше болып отыр. Оған соңғы бескүндікте колхоздарда мемлекетке астық тапсыру графигінің 22 процент қана орындалғаны толық дәлел.

Аудан колхоздарында бастырылған астыққа тиісті қамқорлықтың болмауынан

Преснов ауданындағы Молотов атындағы колхозда быйыл бірінші рет судан шөбі егілді. Оның биіктігі кәзір 2 метрден асады. Колхоз быйыл бұл шөптің әрбір гектарынан 50 центнерге дейін өнім алмақ.

СУРЕТТЕ: Майбалық МТС-нің аға агрономы **Ә. Кенжегозин** (оң жақта) дала бригадасының бригадирі **А. Лихолатпен** бірге судан шөбінің биіктігін өлшеп тұр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Мол тұқым қорын жасаймыз

Егін жыйнау мен астық дайындауды ойдағыдай өткізу жөніндегі ақмолалықтардың шақыруын біздің колхоздың колхозшылары мен механизаторлары қызу қолдап, бұл науқанды 25 жұмыс күні ішінде өткізуге міндеттенді. Олар алдағы міндеттемені мінсіз орындау жолында егін

БІР КҮНДЕ 35 ГЕКТАР

Преснов МТС-нің комбайншысы Алексей Егорович Бабченко жолдас «Победа» колхозында бір маусымда «Сталинец—6» комбайнымен 1000 гектар егін жыйнауға міндеттенген-ді. Ол өзінің алған міндеттемесін егін жыйнаудың алғашқы күнінен-ақ аброймен орындап келеді. Бабченко жолдас бір күнде 12 гектар, орнына

[illegible] ты, туған колхоздарында қоғамдық еңбекке қатысты.

Жаңы демалысты көңілді, мәдениетті өткізіп, жақсы тыныққан жастарымыз бүгін білім ордасы —мектептерге қайта оралып, парталарға отырысты, сөйтіп, өздерінің сүйікті ісі— оқуға кірісті.

СОКП XIX съезінің қарарларын жүзеге асыра отырып, облысымыздың көптеген мектеп коллективтері өткен оқу жылын бірқатар табыстармен аяқтаған болатын. Өткен оқу жылында қол жеткен табыстарды баянды ете беру үшін мектеп коллективтері быйылғы жаңа оқу жылын тыңғылықты әзірлікпен қарсы алды.

Оқу жылының табысты болуы сөзсіз. Ол оған жақсы әзірлікке байланысты. Ендігі іс жүзінде көрінін отыр. Облысымыздың мектеп коллективтері жергілікті партия, совет ұйымдары мен жұртшылық көмегіне сүйене отырып, быйылғы жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстарын ерте бастан қызу қолға алып, оны деркезінде

[illegible] лімдер оқушыларды білім негіздерімен қаруландырып, жастарды коммунистік рухта тәрбиелеумен бірге, өздерінің жалпы және саяси білімін көтеру ісімен үнемі шұғылданып отырулары керек.

Аудандық оқу бөлімдері, совет ұйымдары оқу жылы басталғанға дейін оған әзірлік аяқталмаған мектептердің жөндеу жұмыстарын тез аяқтауына, қыска керекті отын дайындап алуына не бөгет жасап отырғанын анықтап, ол бөгеттерді жоюдың нақтылы шараларын қарастырулары керек. Жергілікті партия ұйымдары мектептердің жұмысын үнемі бақылап, оқытәрбие жұмысын онан әрі жақсарту мәселесіне жете көңіл бөлулері, бұл жөнінде мектептерге тиісті көмек көрсетіп отырулары қажет.

Жаңа оқу жылы басталды! Бүгін біз бақытты жас ұрпақтарымызды жаңа оқу жылымен құттықтап, олардың оқуды үздік оқуына, сөйтіп, быйылғы оқу жылын тәбысты аяқтап шығуына тілек білдіреміз.

[illegible] жылнаудың алғашқы күнінен бастап аянбай еңбек етіп келеді.

Егін жинау және астық дайындауға еңбекке жарамды колхозшылар толық қатыстырылып, комбайндардың өнімді жұмыс істеуіне барлық мүмкіншіліктер жасалды. Осының нәтижесінде колхоздағы төрт комбайн егін жинауда тоқтаусыз жұмыс істеуде. Комбайншылар Қусайынов және Паустьян жолдастар зор табыска жетуде.

Дайындалған астықты қабылдау пункттеріне тасу жұмысы да үлгілі ұйымдастырылды. Колхозда арнаулы тасымал бригадасы ұйымдастырылды. Оның құрамында 8 жәшікті арба, 8 адам бар. Бригада мүшелері жұмысты күні-түні бірдей істеп, қабылдау пункттеріне тәулігіне 200-300 центнер астық тасыйды.

Біздің колхоздың колхозшылары егін жинау мен астық дайындау жұмыстарының қарқынын бесеңдетпей, 5 сентябрьге дейін мемлекет алдындағы бірінші парыз —астық дайындау жоспарын толық орындап шығады. Қамбаларымызға келесі жылдың егісіне қажетті тұқым қорын жеткілікті мөлшерде құйып аламыз.

Қ. ТОҒАНБАЕВ,

Октябрь ауданы, «Бірлік» колхозының председателі.

[illegible] мен өтуде. Бұл сыяқты кемшіліктер МТС қамтуындағы Карл Маркс атындағы, Стаханов атындағы колхоздарда да кездеседі.

Жағдай Булаев МТС-де де осындай. МТС қамтыйтын Сталин атындағы колхозда күн сайын 2-3 комбайн тракторлардың жарамсыздығынан жұмысқа қатыспайды.

График бойынша аудан колхоздарында күн сайын 82 комбайн жұмысқа қосылып, олармен тәулігіне 1200 гектар егін жинауға тиіс еді. МТС басшыларының комбайн агрегаттарының жұмысына күнбе-күн нақтылы басшылық жасамауы салдарынан ауданда егін жинау жөніндегі график орындалмай, тек қағаз жүзінде ғана қалып келеді. Соңғы бескүндікте ауданда комбайндармен егін жинаудың бескүндік тапсырмасы небары 43 процент ғана орындалды.

Аудан колхоздарында астық дайындаудың барысы да баяу болып отыр. Әсресе, бастырылған астықты тазарту, кептіру жұмыстары тыңғылықты ұйымдастырылмаған. «Победа» колхозының қырманында 1000 центнердей астық үйілін жатыр. Колхоз председателі Мамаков жолдас бастырылған астықты кезінде тазартып, дайындау пункттеріне жөнелтуді ұйымдастыра алмай келеді. Колхозда 3 астық тазартқыштың бірде-бірі жұмысқа қосылмаған. Сол сыяқты, мотордың жоқ-

[illegible] ағылығы, ысырапқа ұшырау фактілері де жоқ емес. Бұған негізгі бір себеп —колхозларда жабық қырмандар мен астық кептіргіштердің жеткілікті әзірленбеуі болып табылады. Ауданның 20 колхозында астық кептіргіш салынуға тиіс еді. Алайда, жалғыз «Гигант» колхозында ғана астық кептіргіш бар. Сол сыяқты, жоспарланған 100-ге жуық жабық қырмандардан небары 15-ақ қырман салынған. Ал, Ленин атындағы, Стаханов атындағы, «Победа», «Красное знамя» сыяқты колхоздарда осы күнге дейін бірде-бір астық қырманы салынбаған.

Булаев ауданының колхоздарында егін жинау мен астық дайындаудың барысы міне, осындай. Мұндай кемшіліктер аудандық партия комитетінің секретары Курлов, аудандық Совет атқомінің председателі Қизатов жолдастарға белгілі. Бірақ олар бұл кемшіліктерді іс үстінде жойып, егінінің тез және ысырапсыз жиналуын, астық тапсырудың күндік, бескүндік графиктерінің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етпей, істі ойсыраған олқылыққа ұшыратуда. Ендігі жерде Булаев ауданының басшылары егін жинау мен астық дайындауда орын алған кемшіліктерді тез түзетіп, мұндай аса маңызды науқанның мерзімінде, ойдағыдай аяқталуына жетісуге міндетті.

Б. ЖАҚЫПОВ,

Булаево, (өз тілшіміз).

20-27 гектар алаңның егінін жинап жүр. Ол соңғы бір күні агрегатты таң сәріден қараңғы түскеніне тоқтаусыз жұмысқа қосып, 35 гектар егін жинады.

Комбайншының мұндай табысқа жетуінің сыры —агрегат мүшелерінің қажырлы еңбектерінің игілі нәтижесі. Тракторшы Л. Дауд өзінің «ДТ—54» тракторының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп жүр. Оның тракторы егін жинау маусымы басталғалы бірде-бір рет бұзылып, тоқтаған емес. Осы сыяқты, комбайншының көмекшісі С. Бабченко жолдас та аянбай еңбек етіп жүр. Ол комбайнға техникалық күтім жасағанда және егін жинау үстінде комбайншыға зор көмек көрсетеді. Колхоз басқармасы комбайн бункерінен астық қабылдауды тыңғылықты ұйымдастырған.

Міне, осының барлығы комбайншының өнімді еңбек етуін қамтамасыз етуде.

М. НАЗАРИН,

БІРЖАРЫМ НОРМА

Абай атындағы колхозда (Преснов ауданы) Баян МТС-нің комбайншылары Дремин және Жақыпов жолдастар қажырлы еңбек етуде. Дремин жолдас «Сталинец—6» комбайнымен бір күнде 12 гектардың орнына, 17 гектардан егін жинап жүр.

ССР Одағының Министрлер Советінде

Москваның М. В. Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінің жаңа үйлерін ашу туралы

ССРО Министрлер Советі Москваның М. В. Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінің жаңа үйлері құрылысшыларының рапортын, Үкмет комиссиясының қорытындысын, ССРО Мәдениет Министрлігінің баяндамасын қарап, университеттің Ленин тауларындағы негізгі үйлері мен құрылыстарын салу және пайдалануға тапсыру жөніндегі Үкмет тапсырмасының орындалғанын анықтады.

1949-1953 жылдарын ішінде Москвада, Ленин тауларында мынадай үйлер мен құрылыстар салынды:

Москва университетінің 32 қабат бас үйі, жалпы көлемі 1.370 мың текшеметр, мұнда геология және география факультеттері, механика-математика факультетінің аудиториялары, жалпы университеттік кафедралар, ғылми кітапхана, 1.500 кісілік акт залы және университеттің басқа оқу, ғылми мекемелері орналастырылады; физика факультетінің үйі көлемі 27[illegible],6 мың текшеметр; химия факультетінің үйі, көлемі 267,7 мың текшеметр; студенттер мен аспиранттарға арналған тұрғын үйлер —барлығы 5.754 бөлме және профессорлар мен оқытушыларға арналған 184 пәтер; тиісті құрылыстары бар ботаника бағы, жалпы көлемі 42 гектар; мәдени-тұрмыс және спорт құрылыстарының комплексі.

Университетке қараған жерде барлығы 27 негізгі және 10 қосалқы үйлер салынды, жалпы көлемі 2.611 мың текшеметр. Университеттің жаңа үйінде 148 аудитория, бір мыңнан астам ғылми-оқу лабораториялары, сол сыяқты, 1.200 мың том кітапқа арналған кітапхана үйі бар.

Университеттің лабораториялары мен кабинеттері ең жаңалықты оқу-ғылми жабдықтармен жабдықталады. Механика, физика, химия, биология, геология, астрономия және басқа оқу және ғылми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған электрондық жабдықтар, арнаулы оптикалық аспаптар және рентген аппараттары, шартты рефлекстерді, заттардың алмасу процестерін зерттейтін камералар және ғылымның осы күнгі талаптарына сай келетін басқа өралуан түрлі жабдықтар бар.

Москва университетінің үйіне жапсарлас жерлер көркейтілін, қоғалдандырылды. Университетке баратын асфальт жолдар жасалды және жаңа көпірлер салынды.

Министрліктердің заводтары, жобалаушы, ғылми-зерттеу мекемелері және монтаж ұйымдары университеттегі оқу процесіне және ғылми-зерттеу жұмысына керекті жабдықтардың жаңа арнаулы түрлерін жобалау және жасау, металл конструкцияларды, механизмдерді, жабдықтарды жасау және монтаждау, сол сыяқты, университет ұйымдарының құрылысын қажетті құрылыс материалдарымен жабдықтау жөнінде көп жұмыс істеді.

ССРО Министрлер Советі Москваның мемлекеттік университетінің жаңа үйлері іске қосылғаннан кейін ғылымды онан әрі дамытуға және еліміздің халық шаруашылығы үшін жоғары білімді мамандар даярлауға зор мүмкіншіліктер туғызылатынын атап көрсетті.

ССРО Министрлер Советі **қаулы етті:**

1. Москваның М. В. Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінің жаңа үйлері 1953 жылғы 1 сентябрьде ашылсын.

2. ССРО Мәдениет министрлігіне және Москваның М. В. Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінің ректоратына университеттің жаңа үйлерінде 1953 жылғы 1 сентябрьден бастап физика химия, механика-математика, геология және география факультеттерінің оқу және ғылми жұмысының жүргізілуін қамтамасыз ету міндеттелсін.

Озат тәжрибе—көпке ортақ

ШОШҚА ӨСІРУШІ

Соколов ауданындағы «Путь Ильича» колхозының шошқа фермасы облыс колхоздарындағы алдыңғы қатарлы фермалардың бірінен саналады. Өткен жылы колхоз 400-ден астам шошқаны мемлекетке ет есебіне тапсырды және сатып, ақшадай көп пайда тапты.

Фермада шошқа санының жылдан жылға көбейе түсуі тәжрибелі шошқа өсіруші Прасковья Григорьевна Жолудеванын қажырлы еңбегінің нәтижесі. Ол шошқаларды малдәрігерлік-зоотехникалық ережелерге сай күтеді. Соңғы он жыл бойына оның алдынан бірде-бір мегежін немесе торай шығын болып көрген емес. Өткен жылы ол 350 торайды шығынсыз, күйлі өсірді. Ал, үстіміздегі жылғы табысы бұдан да зор.

Жолудева жолдас, әсресе, мегежіндерді күтуге, көнбіс, өсімтал, қоңды шошқаны көптеп өсіруге ерекше көңіл бөледі. Ол бұған қалай жетісіп жүр, міне, енді соған тоқталайық.

Мегежіндердің торайлауына үш айтадай уақыт қалғанда Жолудева мегежіндерді далаға шығармай, қолда бағады. Бұл мегежіндерді іш тастаудан және мезгілінен бұрын торайлаудан сақтайды. Бұл кезде мегежіндер шошқа күтушінің, өзінің тікелей бақылауымен ғана күніне үш рет серуенге шығарылады.

Фермада күткен кезде мегежіндерге ең құнарлы азық беріледі. Мегежіндерді іші кезінде құнарлы азықпен жемдеу торайлардың құрсақта жақсы өсіп, жетілуін қамтамасыз етеді. Жолудева мегежіндерге тәулігіне үш рет ботқа береді. Бұдан басқа мегежіндер күніне бір рет құрғақ кебек пен қара бидайдың, сұлының ұнымен және дәнді дақылдардың жармасымен азықтандырылады. Әсресе, мегежіндер торайлағаннан кейін осылайша азықтандырылады.

Жолудева торай алу маусымына әзірлікті күні бұрын қолға алады. Ол мегежінге құнарлы азықтың жеткілікті болуын қамтамасыз етеді. Сөйтіп, мегежіндерді күн сайын құнарлы азықпен азықтандырады. Бұл мегежіннің торайлауына және оның торайларының өсімтал болуына қолайлы жағдай туғызады.

Көп жерлерде торайлардың шығынына жол беріліп жүр. Бұл неліктен? Ол былай: торай туысымен-ақ енесінің емшегін емуге тырысады. Ал, мегежіннің алғашқы туған торайлары емізуге мүмкіндігі болмайды. Ол соңғы торайларын табатын кезде емуге тырысқан алғашқы туған торайларын басып тастауы мүмкін. Фермаларда торайлардың туысымен көп шығын болуының басты бір себебі осы. Сондықтан торай алуға көп еңбек, көп қамқорлық керек. Жолудева мұны жете ескереді. Торайлардың шығынына жол бермеу үшін Жолудева алғашқы туған торайларды мегежін әбден торайлап болғанша бөлек жерде күтіп, асырайды.

Мегежіндердің торайларын дұрыс емізу үшін Жолудева алғашқы күннен бастап торайларды белгілі бір емшекті емуге бейімдейді. Кейбір мегежіндердің торайларын емізуге емшегі жетпейді. Мұндай жағдайда торайларды ол қолдан сыйыр сүтімен қоректендіреді.

Тәжрибелі шошқа өсіруші мегежіндердің және торайлардың шығынсыз, күйлі өсірілуіне жетісу үшін 12 күннен кейін торайларды жалпай сыйыр сүтімен азықтандырады. Ол торайларға сүтті әрбір 4—5 сағаттан кейін беріп отырады.

Малдәрігерлік-зоотехникалық ережелер бойынша әрбір торай 2 ай бойына, ағнай оның салмағы 12 килограмға жеткенге дейін енесін емеді. Тәжрибелі шошқа өсіруші торайларды жақсы күте білуінің нәтижесінде 1,5 айдың ішінде әрбір торайдың салмағы 12 килограмға жетеді де, 15 күн мерзімінен бұрын енелерінен айрылады.

—Егер,—дейді Жолудева,—жақсы еңбек етсең шошқа өсіруде табыстан-табысқа жететіндігің сөзсіз.

Ол мұны өзінің көп жылғы тәжрибесіне сүйеніп айтады. Жолудева өзінің еңбек сүйгіштігімен, қажырлы еңбегімен бағалы бір түлік —шошқа өсіруде табыстан-табысқа жетуде. Өткен жылы ол әрбір мегежіннен орта есеппен 19 торайдан алды. Быйыл ол әрбір мегежіннен 21 торайдан алуға міндеттенді. Бұл күндерде Жолудева алған міндеттемесін орындау жолында жалығмай еңбек етіп жүр. Көзірдің өзінде ол әрбір мегежіннен орта есеппен 16 торайдан алды. Оның қарамағында торайлайтын әлі бірнеше мегежін бар.

Таңдаулы шошқа өсіруші мегежіндерді шағылыстырып, торайлардың мол алынуын қамтамасыз етіп келеді. Мегежін шағылысқаннан кейін 3 ай 3 аптадан кейін торайлайды. Жақсы күтімде болса әрбір мегежіннен жылына екі-үш рет торай алуға болады. Жолудева быйыл бір мегежіннен үш рет торай алмақ. Бұл мегежіннің алғашқы торайлауы жақсы нәтиже берді. Біріншісінде одан —12 торай, екіншісінде —17 торай алынды. Енді мегежін үшінші рет шағылыстырылады. Бұл үшін Жолудева мегежінді айырықша күтімге алған.

—Торайларды неғұрлым көп алу үшін, —дейді Жолудева жолдас,— мегежіндерді жақсы күтімде ұстап, оны күйлі өсіру керек. Күйлі мегежін өсімтал келеді, етті болады, торайды көп береді.

Прасковья Григорьевна Жолудева өзінің фермадағы 10 жылғы еңбегімен өнімді, табысты мол беретін шошқаларды көп өсіріп, келелі табыстарға ие болды. Оның өсірген торайларының салмағы бір жылдың ішінде орта есеппен 160 килограмға жетіп жүр. Осының нәтижесінде «Путь Ильича» колхозының шошқа фермасы табысты жыл сайын мол беруде. Мұнда Жолудеваның зор үлесі бар.

Жолудева жолдас қол жеткен табысқа еш бір масаттанбайды. Оның колхозды ұйымдық-шаруашылық жағынан барған сайын нығайту, туған колхозының қоғамдық мал шаруашылығын жедел өркендету, оның өнімділігін еселеп арттыру жолында бұдан былай да қажырлы еңбек ете беретіндігі сөзсіз.

А. ЖАНҰЗАҚОВ,

Соколов ауданы, «Путь Ильича» колхозы.

Бүгін облыс мектептерінде жаңа оқу жылы басталды

* * * * * * * * *

Оқу жылын лайықты қарсы алдық

Июль айының аяқ кезінде Алматыда өткізілген Қазақстан мұғалімдерінің съезі барлық оқытушылар мен халық ағарту қызметкерлерін жаңа оқу жылына үлгілі әзірленуге, оқу жасындағыларды мектепке түгел тартуға, жалпыға бірдей міндетті орта білім беруге, политехникалық оқуға көшу үшін барлық жағдайларды жасауға шақырды.

Мектебіміздің коллективі республика мұғалімдері съезінің үндеуін қызу қолдай отырып, жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын қызу түрде жүргізді. Оқу жылына әзірлік ісі ерте қолға алынған болатын. Мектепті қамқорлыққа алған ұйымдардың нәтижелі көмек көрсетуі арқасында мектеп үйін жөндеу 1 августа сапалы аяқталды.

Жазғы демалыс кезінде мектебіміздің көптеген оқушылары пионер лагерьлерінде демалды. Мектеп ата-анасы жоқ 4 оқушыға жалпыға бірдей оқу қорынан қаралық пионер лагеріне жолдама сатып алып берді. 2 оқушы Свердловск қаласына, 4 оқушы облыс ішінде экскурсияға барып қайтты. Көптеген жас натуралистер жазды күндері мектеп іргесіндегі участокте жұмыс істеді.

Жазды күні осылай жақсы тынығып, мәдениетті демалған өзінің тәрбиеленушілерін мектебіміз бүгін жақсы әзірліктен қарсы алып отыр. Мектеп ішті ағартылып, қабырғалары, сәкісі мен төбесі сырланды. Мектеп мебельдері мен жабдықтары сапалы жөнделді.

Биыл мектебімізде 16 класс жұмыс істейтін болады.

Біз жаңа оқу жылына әзірлік кезінде оқушылардың есебін алуға жете көңіл бөлдік. Бұл жұмыс бізде 1 августан бастап қолға алынды. Сейтін, 25 августқа дейін 538 оқушы мектепке жазылды.

Биылғы жылы оқулықтарды мектепке әкеліп, сату ұйымдастырылды. Оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету ісі өткен жылдағыдан биыл әлде қайда жақсы болып отырғанын айта кетуге болады.

Мұғалімдер коллективі бірінші жартыжылдық жұмысты жоспарлады. Мектептің 1953-54 оқу жылына арналған жұмыс жоспары алдын- ала жасалып, онда үстіміздегі жылы мектепте оқу- тәрбие жұмыстарының сапасын онан әрі жақсартуға бағытталған барлық шараларды жүзеге асыру қарастырылды. Біз бұл шаралардың мүлтіксіз орындалуы үшін аянбай күш жұмсайтын боламыз.

Ж. ЗАКИРОВ,
Қаладағы Сталин атындағы № 3 татар жетіжылдық мектебінің директоры.

Мақсатым орындалады

Өткен оқу жылы аяқталар алдында біз,

Жаңа оқу жылында жаңа табыстарға жетеміз

Өткен оқу жылы біздің мектеп коллективінің өмірінде оқу-тәрбие жұмысын одан әрі жақсарту ісінде бірқатар табыстарға қол жеткен жыл болды. Совет Одағы Коммунистік партиясы XIX съезінің тарихи қарарларын басшылыққа ала отырып, біз оқу жылын ойдағыдай аяқтадық. Мектебіміздің К. Тарасов, В. Яковлев, Е. Терещенко, Н. Васильев және басқа оқытушылары өз кластары және өздері сабақ беретін пәндер бойынша оқушылардың толық үлгеруіне жетісті. Оныншы класты бітіруші 42 оқушы көмелеттік аттестат алу үшін мемлекеттік емтиханды ойдағыдай тапсырды, олардың ішінен бес оқушы алтын және күміс медальдармен наградталды.

Мектеп оқытушыларының көпшілігі жазғы демалыс кезінде жоғарғы оқу орындарында, оқытушылардың білімін жетілдіру институтында және насихатшылар курстарында оқып, өздерінің білімі мен педагогикалық шеберлігін жетілдірді.

Үстіміздегі жылы мектеп іргесіндегі участокте өте көп жұмыстар жүргізілді және жүргізілуде. Оқытушылардың және жас натуралистердің күшімен көмпірдан, сәбіден, қыярдан және басқа да овощтар мен жемістерден мол өнім өсірілді. Овощтар мен жемістерді сатудан түскен кіріс жалпыға бірдей оқу қорына берілді.

Партияның XIX съезінің мектептерде политехникалық оқуды енгізу туралы қарарын жүзеге асыру мақсатында мектепте көп жұмыстар істелді. Оқытушылар оқушыларды биология ғылымының табыстарын ауыл шаруашылығында қолдану жолдарымен таныстырды.

Жазды күндері жаңа оқу жылына әзірлік ісі де қызу қарқынмен жүргізілді. Өткен оқу жылында кластан тыс жұмыстар жүргізу үшін арнаулы бөлме болмағандықтан өте зор қыйыншылықтар кездескен болатын. Биыл мектепте үйірме жұмыстарын және кластан тыс жұмыстар жүргізу үшін арнаулы екі бөлме жабдықталды. Мектеп үйі күрделі жөндеуден өткізіліп, жаңа оқу жылына толық әзірленді. Бізде оқулықтар, оқу кабинеттері, көрнекі құралдар толық жеткілікті.

Биыл оқытушылар құрамы оқытушылар институтын бітіріп шыққан 4 жас мұғаліммен толықтырылды.

Мектепте 24 август күні педагогикалық совет өткізіліп, онда өткен оқу жылының қорытындысы талқыланды және СОКП XIX съезі мен Қазақстан мұғалімдері съезінің қарарларына сәйкес жаңа оқу жылында алда тұрған міндеттер талқыланды.

Жаңа оқу жылында мектебімізде, әсіресе, жалпыға бірдей оқу заңының орындалуына, оқу- тәрбие жұмысын жақсартуға ата-аналармен, қоғамдық және оқушылар ұйымдарымен жүргізілетін жұмыстарға көп көңіл бөлінетін болады. Біз өткен жылы қол жеткен табыстарымызды баянды ете отырып, үстіміздегі жаңа оқу жылында жаңа табыстарға жетеміз.

Жаңа оқу жылын толық әзірліктен бастай отырып, мектебіміздің оқытушылар коллективі оқу-тәрбие жұмысын жақсарту ісінде жаңа табыстарға жету үшін барлық ынта-жігері мен білімін және іскерлік қабілетін толық жұмсайтындығы күмәнсіз.

П. ЛОКТИОНОВ,
Булаев орта мектебінің оқу ісінің меңгерушісі.

Үлгілі әзірлік

Биылғы жаңа оқу жылы совет халқының бұрынғыдан да зор саяси және өндірістік ерлеуі үстінде басталып отыр. ССРО Жоғарғы Советі V сессиясы қарарлары мен сессияда сөйлеген ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдастың сезім зор қанаттанғандық сезіммен қарсы алған совет халқы Үкімет пен Партияның еңбекшілер мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған әкелік қамқорлығына лайықты іспен жауап беру үшін күресуде.

Үкімет пен партия қамқорлығына бөленген совет мектептерінің бірі біздің қазақ орта мектебінің оқытушылар коллективі жаңа оқу жылына зор дайындықпен келді. Мектеп үйі күрделі жөндеуден өтіп, оның ішкі жұмыстары толық аяқталды. Оқушылар қажетті оқу құралдарымен жеткілікті қамтамасыз етілді. Әрбір оқытушы өзі жетекшілік ететін кластарын жаңа оқу жылына үлгілі дайындау жолында қажырлы еңбек етті.

тепке жыйналды. Олардың арасында жаңа оқу жылының міндеттері туралы бірнеше рет өңгімелер өткізілді.

Жаңа оқу жылы басталардан көп уақыт бұрын мектептегі педагогикалық совет класс оқушылары арасында бірінші жартыжылдықта өткізілетін оқу- тәрбие жұмыстары мен оқушылардың туысқандарымен жүргізілетін жұмыстардың жоспарын талқылап, бекіткен болатын. Бұл жоспарда оқушыларды коммунистік рухта тәрбиелеудің барлық талаптарының қамтылуы көзделген. Сол сияқты, оқушылардың оқу жұмысы, сабақты нашар үлгеретіндер арасында өткізілетін жұмыстар жан- жақты белгіленген. Жұмыс жоспарын жасауда өткен оқу жылындағы кездескен кемшіліктер еске алынып, биылғы жылы ол кемшіліктердің қайталанбау жолдары да ескерілді.

Биылғы [illegible] мен жетекші болып істейтін кл[illegible] оқушылары мемлекеттік [illegible] Советінің [illegible] да біз бұл

Қазақстан композиторларының жаңа шығармалары

26 августа Алматы композиторларының жыйналысы болды, ол быйылғы жұмыстың қорытындылары мен 1954 жылғы жұмыстың творчестволық жоспарларын талқылауға арналды.

Республиканың композиторлары бесінші бесжылдық тұсында 150-ге жуық негізді музыкалық шығармалар— хорға арналған жантаталар, симфониялық поэмалар, оркестрге арналған сюиталар, аспаппен орындалатын камералық шығармалар, скрипкаға арналған сонаталар, салтанатты жырлар, пьесалар жазды.

Қ. Мусиннің «Халықтардың бақыты үшін» деген симфониялық поэмасын, С. Мұхамеджановтың домбыра туралы симфониялық поэмасы мен «Жаңарған өлке» романсын, А. Бычковтың «Сонаталық аллеграсын», Б. Байқадамовтың «Бейбітшілік үшін» деген хорға арналған сюитасын, В. Великановтың «Бейбітшілік жолымен» деген симфониялық поэмасын, Е. Брусиловскийдің шекті аспаптарға арналған квартетін, М. Төлебаевтың «Ақ қайың» романсын, М. Мұхамеджановтың «Шаттық отаны» деген симфониялық күйін және басқа шығармаларды жұртшылық мақұлдап қарсы алды.

Қазақ халқының ән творчествосы өркендеп келеді. Республиканың Мәдениет министрлігінің искусство істері жөніндегі Жоғарғы басқармасы быйылғы жылдың өзінде ғана 30-дан аса жаңа әндерді қабылдап алды. Бұлардың көбі көзірдің өзінде халық арасында айтылып жүр. Бұл — Б. Байқадамовтың «Комсомол», А. Есбаевтың «Маржан қыз», С. Кәрімбаевтың «Мичуриншілер жыры», М. Ержановтың «Бақытты балалық шақ», Қ. Кожамьяровтың «Жүйрік ат» деген әндері және басқалары.

Қазақстан композиторларының творчестволық жоспарларында елімізде коммунизм орнатып жатқан совет адамдарының жанқиярлық еңбегіне арналған көптеген жаңа шығармалар бар. Сталиндік сыйлықтың лауреаты Қ. Кожамьяров ұйғыр халқының халық азаттық күресінің тақырыбына арналған «Назугум» атты тұңғыш ұйғыр операсын жазып жатыр. Сталиндік сыйлықтың лауреаты Е. Брусиловский «Ертарғын» және «Қыз Жібек» операларының жаңа варианттарын жазуда. Сталиндік сыйлықтың лауреаты М. Төлебаев «Біржан мен Сара» операсының жаңа вариантын жасаумен қатар «Достық туралы жыр» операсын жазуда. В. Великанов, Л. Хамидимен бірлесе отырып, «Бес дос» операсын жазып жатыр. Қазақтың жас композиторлары С. Мұхамеджанов, А. Есбаев, К. Мусин және басқалары жаңа әндер жазумен шұғылдануда.

Жыйналыс республиканың композиторларын заманымызға сай музыкалық жаңа шығармалар жасауға шақырды.

(ҚазТАГ).

Қызыл Тулы бригада

Кореядағы американ лагерьлерінде соғыс тұтқындарына қаталдық жасалуы

Американдардың тұтқынынан қайтқан қытай еріктілерінің мәлімдемесі

ПЕКИН, 27 август. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан мынадай хабар берді:

Тұтқыннан қайтқан қытай Халық еріктілері американдарды, соғыс тұтқындарының лагерьлерінде өздеріне қаталдық жасағаны үшін айыптайды. 19 августа олар Қызыл Крестің Муньсандағы аралас тобының өкілдеріне наразылық мәлімдеме тапсырды.

Өздеріміздің байқағандарымызға сүйеніп, делінген мәлімдемеде, біз, американдық «демократия» және «гуманизм» дейтінді бетке ұстайтын американ империализмінің қаталдығын әшкерелегіміз келеді.

Мәлімдемеге тіркелген меморандумда соғыс тұтқындарына қаталдық жасалғандықты дәлелдейтін көптеген фактілер келтірілген. «Ауру және жаралы соғыс тұтқындарын жаңды нысана етіп пайдалану» деген бөлімде американ әскерлерінің Пукханған өзенінің шығыс жағындағы ауданда 600-ден астам ауру және жаралы соғыс тұтқындарын бомбадан паналайтын үңгірге айдап кіргізіп, оларға оқ жаудырғаны көрсетілген. Қозғала алмаған ауыр жаралы және ауру соғыс тұтқындарын, үңгірге лақтырылған гранаталармен өлтірген. 600 адамнан небәрі Хуан Мин деген бір соғыс тұтқыны және оның бірнеше жолдастары аман қалған.

Мұнан кейін меморандумда соғыс тұтқындарынан құпия мәліметтер алу мақсатымен оларға азап көрсетілгені туралы және соғыс тұтқындарына медициналық эксперименттер жасалғаны туралы фактілер келтірілген. Көптеген соғыс тұтқындары, делінген бұл документте, американ госпитальдарында қасақана теріс емдеудің зардабынан мүгедек болып қалды.

«Лагерь әкімшілігінің соғыс тұтқындарына нашар қарауы» деген бөлімде соғыс тұтқындарына тамаққа көбінесе шіріген овощ және сасыған балық берілгені айтылған. 1952 жылдың орта шенінен бастап тұтқындарға түскі тамаққа ет берілген жоқ. Тұтқындар үнемі аш болды. Тұздың, отынның және ішер судың ұдайы тапшылығы әрдайым сезіліп отырды. «Қыстың қатты суығында, —деп жазады бұрынғы соғыс тұтқындары,— біздерге әліміз жетпейтін ауыр жұмыс істеттірді. Қар және жаңбыр жауған кездерде бізде жыртық шүберектен басқа, денемізді жабарлық ешнәрсе болмады...

Соғыс тұтқындары жалаң жерге жатып ұйықтайтын. Лагерьлерде қандай да болса кровать және ағаш сәкілер мүлдем болмады. Тұтқын орындары әрдайым лық толулы болды, дені сау соғыс тұтқындары аурулармен және жаралылармен бірге болды. Соғыс тұтқындары арасында қышыма, ревматизм сияқты аурулар көп болды. Орта есеппен әрқайсымыздың салмағымыз 40 қадақ кеміді. Тамақтың және витаминді заттардың тапшылығы себепті соғыс тұтқындарының 37 проценті қараңғыда көрмейтін көзауруына ұшырады, ал 23 проценті суықтың зардабынан ішінара паралич немесе буын ауруына ұшырады.

Лагерьдің әкімшілігі соғыс тұтқындарын үнемі сабап, оларға қорлық көрсетті. Күзетшілер біздерді малдай сабап, аяғымен тепті, мылтықтың құндағымен, таяқпен, қамшымен ұрды. Олар біздерге әліміз келмейтін ауыр жұмыс істетті. Ашуланған кездерінде олар біздің жан-жағымыздан таяқ жаудыратын. Кейде олар бізді еріккеннен, сауық үшін сабайтын. Біздерге нешеме сағат бойына ешқандай демалыссыз жұмыс істеттірді, азда болса демалу немесе тыныс алу үшін жұмыстан тоқтағанымызда, біздерді аяусыз ұрды».

Меморандумның ендігі бір бөлегінде соғыс тұтқындарына қарсы уландырғыш заттарды қолданудың фактілері келтірілген. 1952 жылғы июньде, делінген бұл бөлімде, американ әскерлері соғыс тұтқындарына қарсы химиялық бомбаларды пайдаланғаннан кейін, соғыс тұтқындарының американдық лагерьлерінің бастығы Боутнер тіпті «соғыс тұтқындарын жұқасыту мақсатымен газды бомбаларды қолдану заңды» дегенді айтты.

Американ өкімет орындары көздің жас ағызатын бомбаларды қолданғанын мойындады. Алайда, шынында олар уландырғыш заттардың барлық түрлерін пайдаланды.

Соғыс тұтқындары өздерінің бұл айыптауын толып жатқан фактілермен дәлелдейді, мұның ішінде мынаны айтады: «1952 жылғы июльдің орта шенінде американ жауы әскерінің қарулы взводы, тексеру жүргізу үшін № 7 секторға кірді. Тұтқындар ән салды деген сылтаумен, американ солдаттары барактарға басып кіріп, көзден жас ағызатын көптеген бомбалар тастады, сол сияқты ұнтақ улы затты сеуіп таратын құралдарды қолданды, бұл улы зат денеге түскеннен кейін, дененің терісі күлбірепшығады. Мұның зардабынан 30-дан астам тұтқын жараланды, оның ішінде 5 немесе 6 адам көзінен айрылды».

Мұнан кейін жұртқа мәлім фактілердің— соғыс тұтқындарын зорлықпен тоқтатып қалу үшін американ лагерьлерінде олардың жаппай қырғынға ұшыратылуының егжей- тегжейлері айтылған.

Американ жағы Кореядағы уақытша бітім туралы келісімді әлі де бұзуда

IX-класс оқушылары әрқайсымыз жазғы демалысты қалай өткізу жөнінде өзімізің жоспарымызды жасадық. Сейтіп, онда жазғы демалыста көркем әдебиеттер оқуды, өткен сабақтарды қайталауды, физкультура және спортпен шұғылдануды, туған колхозымызға барғанда қоғамдық еңбекке қатысып, ата-аналарымызға көмектесуді қарастырдық. Мен өзімнің осындай жоспарым бойынша демалысты өте көңілді, әрі пайдалы өткіздім.

Биыл X-класта оқыймын. Мектептегі оқушылық өмірдің оныншы жылын бы-йыл аяқтап шыққалы отырмын. Жазғы демалысты жақсы өткізіп, енді мен өзімнің алдыма үлкен мақсат және зор талап қойып отырмын. Ол— оныншы класты ойдағыдай аяқтап, көмелеттік аттестат алып шығу, одан кейін жоғарғы оқу орнына түсіп, мамандық алу.

Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ,

Қаладағы Калинин атындағы қазақ орта мектебінің X-класс оқушысы.

Мен жетекші болып істейтін 7 «б» классы жаңа оқу жылын толық әзірлікпен бастады. Өйткені, біз бұл күнге дайындықты ерте бастан қолға алған болатынбыз. Класс оқушылары түгелімен қажетті оқулықтармен, дәптер, қаламдармен қамтамасыз етілді. Әрбір оқушының отыратын орындарына дейін белгіленген.

Біздің класс оқушылары жаңа оқу жылы басталардан бірнеше күн бұрын мек-

жауапты кезекші айындық жұмысын осы бастан қолға алмыс. Ол үшін өткен оқу жылында сабақты төмен үлгерген оқушылар арасында оқу- тәрбие жұмысын күшейту ісі жоспарда айырықша белгіленді.

Қ. АҚБИДАЕВ,

Қаладағы № 5 орта мектептің VII класс жетекшісі.

ОҚЫ, ОҚЫ ЖӘНЕ ОҚЫ

Оқы, оқы және оқы—
Ғасыр сөзі тарихта.
Ұрпақтардың шын досы,
Шыққалы бұл сөз жарыққа.

Бар бала, ұл-қыз оқуға.
Келдің бүгін қарағым.
Өмірге үлес қосуға,
Құтты болсын, қадамың.

Толқынындай теңіздің,
Ағылдың бүгін білімге.
Сендер нұры өмірдің,
Сендер бүлбүл гүлімде.

Отанымның ұрпағы,
Жеткіншегім, өренім.
Сенсің ән мен жыр сәні,
Сен үшін менің өлеңім.

Ғ. МАЛДЫБАЕВ.

Жақында Семиполка МТС-інде трактор бригадаларының өзара социалистік жарысының қорытындысы шығарылды. Онда Нұрманов жолдас басқарған № 11 трактор бригадасы бірінші орынға ие болды. Бұл бригадада әрбір 15 аттың күші бар тракторлмен 690 гектардан жер жұмысталып, 485 килограмм жанар май үнемделген.

Бұл трактор бригадасына өнімді жұмысы үшін МТС-тің ауыспалы Қызыл Туы тапсырылды.

ЖАҢА ҚОРАЛАР

Октябрь ауданындағы «Пламя» колхозында қоғамдық малға жылы қора әзірлеу ісіне жете көңіл бөлінуде. Е. Василенко жолдастың басқаруындағы құрылыс бригадасының мүшелері шошқа, қой, құс тұратын қораларды жаңадан салды. Бригаданың мүшелері бұдан басқа 9 мал қорасын жөндеді.

ПЕКИН, 28 август. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі кеше Кәсоннан былай деп хабарлады:

Біріккен ұлттар әскерлерінің әскери өкмет орындары Кореядағы уақытша бітім туралы келісімді әлі де бұзуда. Олар Қызыл Крестің аралас тобының қызметшілерімен ынтымақ жасаудан бастартуда және зорлық көрсетіп, бұл қызметшілердің соғыс тұтқындары жөніндегі адамгершілік міндеттерін жүзеге асыруына кедергі кетіруде.

Қызыл Крестің Кочжедо аралында орналасқан көмекші тобындағы корей және қытай өкілдерінің хабарында былай делінген: бұл өкілдер Кочжедо аралына 6 августа таңертеңгі сағат 11-де келіп жетсе де, БҰҰ әскерлерінің әскери өкмет орындары алып келген сәлемдемелерді олардың соғыс тұтқындарына бөліп беруіне бірінші рет 21 августа күндізгі сағат 3-те ғана рұқсат етті. Қызыл Крестің корей және қытай өкілдері тұтқындардың екі тобына сәлемдемелерді бөліп беріп жатқан кезде, 200 тұтқыннан құралған үшінші топ бұл өкілдерді қуттықтады. Осыған байланысты екінші жақтың командованиесінің өкілдері сәлемдемелерді бөлуді тоқтатып, корей және қытай өкілдерін кейін қайтуға мәжбүр етті, соның өзінде соғыс тұтқындары «демонстрация» жасады деп мәлімдеді. Осы кезде әскери күзетші өкілдер Ким Се Ган мырза мен У Чунь мырзаны винтовканың дүмімен бірнеше рет ұрды да, У Чунның қолын бұрап арқасына қайырды. Екінші жақтың әскери өкмет орындары зорлық көрсеткен мұндай жағдайда корей және қытай өкілдері лагерьден кетуге мәжбүр болды

Уақытша бітім жөніндегі әскери комиссиядағы корей-қытай жағының аға өкілі генерал-лейтенант Ли Сан Чо бүгін уақытша бітім туралы келісімге сәйкес, уақытша бітімді байқау үшін бейтарап елдердің өкілдерінен құрылған комиссияға хат жолдады. Ол комиссияның бейтарап елдердің өкілдерінен құрылып, Кочжедо аралына барған жылжымалы инспекциялық топқа жоғарыда айтылған жанжалды тексеруге және уақытша бітім жөніндегі әскери комиссияның тиісті шаралар қолдануы үшін тексерудің нәтижесін оған хабарлауға нұсқау беруін талап етті. Кочжедо аралында жатқан осы жылжымалы, топ кәзір ондағы корей және қытай Қызыл Крест қызметшілерінің жұмысына Біріккен ұлттардың әскери өкмет орындары жасап отырған дәлелсіз шек қоюшылықтар мен кедергілерді тексеруде.

БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

Газетте совет құрылысы мәселесі

Еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің үстіміздегі жылғы сайлауы өткеннен кейін Солтүстік Қазақстан облыстық **«Ленин туы»** газеті облыстық атқару комитетінің председателі Қ. Оспанов жолдасқа сөз берді. Атқару комитеті председателінің «Советтердің ұйымдастыру-бұқаралық жұмысы өскелең міндеттер дәрежесінде болсын» деген көлемді мақаласында облыстағы жергілікті Советтердің өткен жылы қол жеткен табыстарымен қатар, ұйымдастыру жұмысында алда тұрған міндеттер, сайлаушылардың өз депутаттарына қандай аманаттар бергені айтылды.

—Біздің облысымыздың сайлаушылары, —деп жазды газет, — сайлау алдындағы жиналыстарда депутаттыққа кандидаттарға 2181 амакат тапсырды... Сайлаушылар өздерінің аманаттарында колхозларда 17 электр станциясын, селолық елді пункттерде 7 электр станциясын, 3 ауданның орталықтарында электр станцияларын салуды ұсынды. Сонымен қатар 23 жетінжылдық және орта мектептер, 4 аурухана, 3 кинотеатр, 3 клуб, өндаған балалар ясилері, медициналық мекемелер үшін жаңа үйлер салуды ұсынды.

Жергілікті Советтердің сайлауы өткеннен бері жарты жылдай уақыт болды. Содан бергі жерде сайлаушылардың жоғарыдағы аманаттары қалай орындалып келеді, Советтердің ұйымдастыру жұмыстары қалай жүргізілп отыр, облыстық газет оларды өзінің газет оқушыларына қалай хабарлап жатыр екен деген заңды сұрақ туады.

Бірақ бұл сұрақтың жауабын «Ленин туы» газетінің беттерінен табуға болмайды.

Газет совет құрылысы тақырыбын әрі сирек, әрі үстірт жазады. «Совет құрылысы» деген рубрикамен басылған мақалалар жалпылама болады да, онда Советтердің ішкі ұйымдастыру жұмыстарына іскерлік талдау жасалмайды. Озат Советтердің, өз міндеттерін үлгілі атқарып жүрген депутаттардың іс тәжрибесі, бұқарамен байланысты қалай нығайтқаны, ұйымдастыру жұмыстарын қалай жүргізіп отырғаны баяндалуға тиісті жерде жалаң шаруашылық цифрлар айтылады. Ал әңгіме Советтердің жұмысындағы кемшіліктер туралы болса —тағыда шаруашылық цифрлар келтіріледі де, кемшіліктің неден болып отырғанына, оны жою үшін не істеу керектігіне назар аударылмайды.

Сайлаушылар аманаттары орындалуының барысы жөніндегі нашар мақаланың бірі —Петропавл қалалық Советінің үшінші сессиясы туралы есеп. Есеп солғын және тиісті сын пікірсіз жазылған. Оның жалпы мағнасы сессияда «ана жұмыстың орындалғаны, мына жұмыстың орындалмағаны айтылды» деген ұғымды ғана береді. Ал кемшіліктерді жою үшін қандай нақтылы сындар айтылып, ұсыныстар жасалғаны, аманаттарды орындау жөнінде алда тұрған шұғыл міндеттер сөз болмаған.

Газет июнның соңғы күндері «Советтердің тұрақты комиссиялары» деген мақала жариялады. Тақырып жағынан консультацияға немесе ереженің бір тарауына ұқсайтын бұл мақалада бірсыпыра алдыңғы қатарлы тұрақты комиссиялар тізбектелін, олардың жетістіктері айтылды. Бірақ ол комиссиялардың жұмысты қалай істегені, қандай қыйындықты қалай жеңгені көрсетілмеді. Мақалаға қарағанда тұрақты комиссия жұмыс жоспарын жасап, тексеру жүргізсе және Советтің алдына ұсыныс жасаса болғаны, кемшілік кедергісіз жойыла беретін сияқты. Сейтіп тұрақты комиссиялардың бұқарамен байланысына, актив арасындағы жұмысына және өз ұсыныстарының орындалуы үшін қалай күресін отырғандықтарына талдау жасалмады.

Мақаланың жазылуында атқару комитеті мен тұрақты комиссиялар арасындағы қатынасты түсінбеушілік бар.

—Алайда, — делінген мақалада, — бұл аудандардың аудандық Совет комиссиялардың жұмысын жақсартуды ұмыт қалдырып келеді... Жергілікті Советтердің атқару комитеттері тұрақты комиссияларға жұмысты ұйымдастыру жөнінде нақтылы басшылық жасап (?), кеңес беріп отыруға тиіс.

Тұрақты комиссиялардың атқару комитетіне емес, еңбекшілер депутаттарының Советтеріне бағынатыны, ал атқару комитеті мен тұрақты комиссиялар арасындағы қатынас бұлардың бірі мен бірінің жанды байланыс жасап, өзара көмек көрсетіп отыруы арқылы жүргізілетіні белгілі.

Газет жоғарыдағы сияқты шатастыруды «Жергілікті Советтердің жұмысын жақсарта берейік» деген басмақаласында да жіберді. Мысалы, ол «Жергілікті Советтердің барлық жұмыстарын жақсарта берудің басты шарты —олардың **бөлімдерінің** жұмысының тыңғылықты ұйымдастырылуын қамтамасыз ету» деп жазды. Ал бөлімдер жергілікті Советтерде емес, олардың атқару комитеттерінде болатыны және түсінікті.

«Ленин туы» газетінің совет құрылысын жазудағы басты кемшіліктерінің бірі Советтердің егін шаруашылығы мен мал шаруашылығына басшылығын терең жазбауы болып келеді. Бұл тақырыптарға арналған мақалаларда көбінесе жергілікті Советтер мен олардың ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы тұрақты комиссиялары жалпы және үстірт сөз болады да, Советтердің атқарушы және басқарушы органдары болып табылатын атқару комитеттері ұмыт қала береді. Шаруашылыққа басшылықты сөз етпенде Советтердің қарарларын орындаушы және бұқарамен күнбе- күн байланыс жасап отырушы атқару комитеттерін, олардың бөлімдерін естен шығаруға болмайды. Бұл буындардың жұмыста оралымды, іскер және инициативалы болуы совет жұмысының жолға қойылуының кепілі екенін ескерін, олардың озат тәжрибесін кең насихаттап, кемшіліктерін батыл сынап отыруы керек.

Республикамызда жыл сайын жергілікті Советтердің социалистік жарысы ұйымдастырылып келеді. Үстіміздегі жылы көптеген ауылдық, селолық озат Советтер жаңа табыстарға жетуде. Бірақ «Ленин туы» газетінің бетінен жергілікті Советтердің социалистік жарысының жайы, алынған міндеттемелердің орындалуының барысы жөнінде құнды мақалалар табу қыйын. Газет бұл зор маңызы бар мәселені жазып отырудан шет қалуда.

ССРО Жоғарғы Советінің жақында болып өткен бесінші сессиясы Совет Одағы Коммунистік партиясы XIX съезінің алға қойған міндеттері негізінде нақтылы шаралар белгіледі. Кәзіргі біздің шұғыл және аса маңызды міндеттеріміз екі — үш жылдың ішінде халықты азық- түлік, өнеркәсіп товарларымен қамтамасыз етулі жақсарту, артта қалып келе жатқан аудандар мен колхоздарда ауыл шаруашылығының нашар күйін ең қысқа мерзімде жою, құрылыс жұмыстарын жолға қойып, совет саудасын кең өрістетуді қамтамасыз ету болып отыр. Бұл міндеттерді орындауда жергілікті Советтердің үлкен роль атқаратыны сөзсіз. Бірақ «Ленин туы» Советтердің бұл міндеттерді орындауға қалай кіріскенін кең жазуды кешіктіріп алды. Соңғы кезде совет құрылысының тақырыптары газет бетінде мүлде сирек кетті.

Совет құрылысын жан-жақты және терең жазып отыру —облыстық газеттің негізгі міндеттерінің бірі.

(«Социалистік Қазақстан» 28 август).

«ЛЕНИН ТУЫ» ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКЦИЯСЫНАН: «Ленин туы» газеті редакциясының коллективі «Социалистік Қазақстанның» бұл шолуын өзінің жиналысында талқылап, онда көрсетілген кемшіліктерді дұрыс деп тапты. Коллектив жиналысында совет құрылысы мәселелерін жан-жақты және терең жазып отыру жөнінде шаралар белгіленді.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Кинолар әлемі

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ОЛАР БЕСЕУ ЕДІ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЛЕНИН 1918 ЖЫЛЫ»

Сеанс сағат 4-те басталады.

Кәсіпорындардың, ұйымдардың, колхоздар мен совхоздардың, көмекші шаруашылықтар мен Солтүстік Қазақстан облысында және Петропавл қаласында тұрушы малы бар азаматтардың есіне

Еңбекшілер депутаттарының Солтүстік Қазақстан облыстық Совет атқомі өзінің 1953 жылғы 11 июльдегі № 416 қаулысында малды қорадан союға, барлық жастағы шошқаларды күйдіруге және буландыруға тыйым салды.

Малдың арнаулы алаңда немесе арнаулы адам арқылы сойылғандығы туралы квитанциясы болмаса ет бақылау станциялары мен мал емдеу орындарының етке және сойылған малдың терісі мен ішектерін мемлекетке тапсыру үшін берілген квитанцияға таңба басуына тыйым салынды, сол сияқты малдәрігерлері малды союға рұқсат берілген анықтамаға малдың сойылған жерін немесе бөлінген арнаулы мал союшының фамилиясын көрсету міндеттеледі.

Малдарды тек қана «Заготживсырье» пункттері мен ет комбинатында, колхоздардың, совхоздардың бойна аландарында және колхоздар бөліп, ауыл- селолық Советтер бекіткен арнаулы мал союшылар арқылы союға рұқсат етіледі.

Облыстық Советтің қарарын бұзған айыпты адамдарға 100 сом мөлшерінде айып салынады немесе 30 күн мерзімге еңбекпен түзеу жұмысына жіберіледі.

Облыстық Совет қарарының орындалуын бақылау еңбекшілер депутаттарының аудандық, ауыл-селолық Советтеріне, мал дәрігерлеріне және милиция орындарына тапсырылады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор — 1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат—1-33, партия бөлімі —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі—3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02000.

Қазақ ССР, Мәдениет министрлігінің полиграфия өнеркәсібі мен баспа Бас Басқармасының № 18 мемлекеттік баспаханасы. Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.